

**"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 847 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 15 ақпандағы № 188 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 16 наурызда № 13482 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 18 мамырдағы № 429 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 18.05.2016 № 429 бұйрығымен.**

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 847 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12030 болып тіркелген, 2015 жылғы 25 қыркүйекте «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мындай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет р е г л а м е н т і н д е :

көрсетілген регламентке 1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде м е м л е к е т т і к т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялуға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы

нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін атқарушы А. Рау*

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін атқарушының

2016 жылғы 15 ақпандағы


№ 188 бұйрығына

қосымша

«Энергия үнемдеу және энергия  
тиімділігін арттыру саласындағы  
аккредиттеу» мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет регламентіне

1-қосымша

**«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы  
аккредиттеу» мемлекеттік қызметті көрсету  
бизнес-процестерінің анықтамалығы**



ҚФБ - құрылымдық-функционалдық бірлік: көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің), «электрондық үкімет» веб-порталының өзара іс-қимылдары;



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ



- таңдау нұсқасы;



- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК